фармакологиялық белсенділігі туралы деректер көп емес. Сонымен қатар бұл өсімдік түрі табиғи ортада кең таралғанымен, оның дәрілік потенциалы толық зерттелмеген, сондықтан ғылыми тұрғыдан кешенді талдау жүргізу өзекті.

Сиверс томағашөбі – *S. sieversii* Bunge алғаш рет Flora Altaica (Bunge, 1830) еңбегінде сипатталған [2]. Бұл сипаттама 1826 жылы К.Ф. Ледебур, А.А.Бунге және К.А. Мейер Алтай таулары мен Жоңғар қырғыз аймағына жасаған экспедициясы барысында жинаған үлгілерге негізделген (Ledebour et al., 1993).

В.Н. Храмцовтың (1983) деректері бойынша, *S. sieversii* Анархай тау массивінің солтүстік және оңтүстік беткейлеріндегі үгілме тасты және малта тасты алаңқайларда, жартастарда өседі; петрофитті бұталы-пиязды қауымдастықтарда (*Allium galanthum* Kar. et Kir., *Schrenkia involucrata* Rgl. et Schmalh., *Ephedra intermedia* Schrenk et C.A. Mey.), петрофитті әртүрлі шөпті-пиязды және монодоминантты пиязды (*Allium galanthum*) қауымдастықтарда кездеседі [3].

Осыған дейінгі зерттеулерде:

- *Scutellaria sieversii* Bunge түрінің тек морфологиялық сипаттамасымен шектеледі;

- экологиялық деректер фрагменттік түрде ғана кездеседі;

- фармакологиялық бағалау туыс деңгейінде жүргізілген, түр деңгейінде зерттеу жұмыстары жоқ.

- *Scutellaria sieversii* Bunge түрінің экология–фитохимиялық байланысына кешенді түрде талдау жүргізілмеген.

Осы зерттеу жұмысында жоғарыда аталған ғылыми олқылықтарға толықтай тоқталып өтеміз.

#### **Зерттеу әдістері мен әдіснамасы.**

Зерттеу әдістері мен әдіснамасы ретінде ботаникалық сипаттама, флоралық салыстырмалы морфологиялық талдау, фитохимиялық деректерді синтездеу, биіктік белдеулері бойынша экологиялық интерпретация және әдеби дереккөздерді жүйелеу қолданылды. Зерттеу жүйелі-аналитикалық (systematic integrative review) сипатта жүргізілді.

Түрдің морфологиялық ерекшеліктерін сипаттауда таксономиялық еңбектерге сүйену маңызды болды. Сонымен қатар Іле Алатауының өсімдік қауымдастықтары туралы экологиялық зерттеулер арқылы түрдің таралу аймағы мен экологиялық бейімділігі анықталды. Дәрілік әлеуетін бағалау барысында фитохимиялық және фармакологиялық бағыттағы зерттеулердің нәтижелері салыстырмалы түрде қарастырылды.

*Scutellaria sieversii* Bunge табиғи биологиялық белсенді қосылыстардың перспективті көзі болып табылады. Оның

экстрактылары мен жекелеген компоненттері фитопрепараттар, антиоксиданттық және қабынуға қарсы дәрілер, сондай-ақ косметикалық өнімдер жасауда қолданылуы мүмкін[4]. Осыған байланысты *S. sieversii* Bunge өсімдігін зерттеу Қазақстанның фармакология және фитохимия салалары үшін құнды дерек болып табылады.

*Scutellaria sieversii* Bunge – Қазақстан флорасында ерекше орын алатын, биологиялық белсенді қосылыстарға бай перспективті дәрілік өсімдік. Оның құрамындағы флавоноидтар, фенолдар, терпеноидтар және басқа екіншілік метаболиттер антиоксиданттық, қабынуға қарсы, ісікке қарсы, антимикробтық, гепатопротекторлық және нейропротекторлық әсер көрсетеді.

С.В. Овчинникованың Turczaninowia журналында жарияланған зерттеуінде түрдің морфологиялық сипаттамалары жүйелік тұрғыдан нақты көрсетіліп, оның табиғи таралу аймағы Орталық Азияның таулы өңірлерімен байланыстырылған. Зерттеуде өсімдіктің биіктік белдеулерге икемділігі ерекше атап өтіліп, популяциялары көбіне 1200–2800 метр аралығында кездесетіні көрсетіледі. Автор түрдің «таулы эокожүйелерге бейімделген морфологиялық тұрақтылығы жоғары» екенін атап өтеді [5], бұл оның экологиялық пластикалығының дәлелі болып табылады. Мұндай тұрақтылық өсімдіктің температура ауытқуларына, күн радиациясының жоғары деңгейіне және топырақ ылғалының жеткіліксіздігіне төзімділігін қамтамасыз етеді.

Жетісу Алатауының пайдалы флорасын кешенді талдаған Д. Айдарбаева, А. Талдыбай және М. Башенованың SABRAO Journal of Breeding and Genetics журналында жарияланған зерттеуі аймақтың дәрілік өсімдіктер қорының құрылымын жүйелі түрде сипаттайды. Еңбекте таулы эокожүйелердегі өсімдік әртүрлілігі биіктік белдеулерге, климаттық факторларға және топырақ ерекшеліктеріне байланысты қарастырылып, пайдалы флораның аймақтық таралу заңдылықтары анықталады. Зерттеушілер Жетісу Алатауы

флорасының табиғи байлығы тек ботаникалық тұрғыдан ғана емес, шаруашылық және фармакологиялық тұрғыдан да маңызды екенін атап көрсетеді. Таулы белдеулерде өсетін өсімдіктердің көпшілігі стресс жағдайларына бейімделгендіктен, олардың құрамында биологиялық белсенді қосылыстардың жоғары болатыны көрсетіледі. Авторлар талдау барысында эфир майлары, флавоноидтар және антиоксиданттық компоненттерге бай түрлердің үлесі жоғары екенін көрсетеді. Осы контексте өңір флорасы табиғи фитошикізат көзі ретінде бағаланып, болашақта фармацевтикалық зерттеулер үшін перспективті база ретінде

Таулы шалғын экожүйелерінің құрылымын жан-жақты сипаттаған Л.А. Димеева зерттеулері Жетісу Алатауы флорасының экологиялық ерекшеліктерін түсіндіруде маңызды орын алады. Applied Ecology and Environmental Research журналында жарияланған еңбекте биіктік белдеулер бойынша өсімдік қауымдастықтарының таралуы талданып, альпілік және субальпілік аймақтардың флоралық құрамы жүйеленеді. Зерттеу нәтижелері таулы шалғындардың тұрақсыз климаттық жағдайларымен ерекшеленетінін, яғни температураның күрт ауытқуы, ультракүлгін радиацияның жоғары деңгейі және топырақ ылғалдылығының маусымдық өзгерістері өсімдік жамылғысына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Осындай факторлар жағдайында тек экологиялық бейімділігі жоғары, морфологиялық және физиологиялық тұрақтылығы қалыптасқан түрлер ғана тіршілік ете алады. Автор таулы шалғындарда «экологиялық төзімді түрлердің басым болатынын» атап өтеді [7], бұл таулы экожүйелердің селективті сипатын айқындайды. Мұндай ортада өсімдіктердің жапырақ құрылымы, тамыр жүйесі және тіршілік циклі ерекше бейімделу белгілерін көрсетеді. Қысқа вегетациялық кезеңге бейімделу, гүлдеу уақытының икемділігі және тұқым арқылы жылдам таралу қабілеті таулы флораның негізгі экологиялық стратегиялары ретінде қарастырылады. Осы сипаттамалар *Scutellaria sieversii* Bunge түрінің табиғи

қарастырылады. Зерттеуде аймақ флорасының «дәрілік өсімдіктер қоры ретінде жоғары әлеуетке ие екені» атап өтіледі [6], бұл тұжырым Жетісу Алатауының биоресурстық маңызын ғылыми тұрғыдан негіздейді. Мұндай қорытынды *Scutellaria L.* туысының өкілдерін, соның ішінде *Scutellaria sieversii* Bunge түрін аймақтық фитофлора құрамында қарастырудың өзектілігін арттырады. Таулы ортаға бейімделген бұл түрдің табиғи таралу аймағы Жетісу мен Іле Алатауының экожүйелерімен тығыз байланысты болғандықтан, оның биоресурстық маңызы жалпы аймақтық контексте бағалануы қажет.

Таулы ерекшеліктерімен сәйкес келеді. Түрдің таулы белдеулерде кездесуі оның экологиялық пластикалығы мен төзімділігін көрсетеді.

Қазақстанның биік таулы флорасын климаттық өзгерістер тұрғысынан қарастырған Л.А. Димеева мен Д.В. Веселкиннің еңбегі таулы өсімдіктердің экологиялық болашағын бағалауда маңызды ғылыми негіз береді. Зерттеуде таулы экожүйелердің құрылымы климаттық факторлармен тығыз байланыста қарастырылып, температураның көтерілуі, жауын-шашын режимінің өзгеруі және мұздықтардың шегінуі сияқты құбылыстардың өсімдік жамылғысына әсері талданады. Авторлар биіктік белдеулердегі флораның вертикаль бағытта ығысу үрдісін атап көрсетіп, төменгі белдеулерге тән түрлердің жоғары аймақтарға таралу ықтималдығын сипаттайды. Мұндай өзгерістер экожүйелердің тепе-теңдігіне әсер етіп, кейбір эндемик немесе бейімделуі шектеулі түрлердің таралу ареалының тарылуына әкелуі мүмкін. Зерттеуде таулы флораның климаттық тұрақтылығы салыстырмалы сипатта екені, яғни белгілі бір шекке дейін бейімделу мүмкіндігі болғанымен, ұзақ мерзімді өзгерістерге сезімтал болатыны айтылады. Авторлар таулы экожүйелердің «климаттық өзгерістерге сезімтал екенін» атап өтеді [8], бұл биік белдеулердегі өсімдіктердің экологиялық осалдығын көрсетеді.

Іле Алатауы ұлттық паркі флорасының биологиялық ерекшеліктерін кешенді зерттеген Р.В. Жащенко және әріптестерінің Sustainability журналында жарияланған еңбегі табиғи популяциялардың экологиялық жағдайын бағалауда маңызды ғылыми дереккөз болып табылады. Зерттеу ұлттық парк аумағындағы жабайы өсімдіктер қауымдастықтарының құрылымын, түрлік әртүрлілігін және олардың экожүйелік қызметін талдауға бағытталған. Авторлар табиғи экожүйелердегі өсімдік популяцияларының тұрақтылығы қоршаған ортаның антропогендік жүктемесіне, климаттық факторларға және табиғи динамикаға тәуелді екенін көрсетеді. Ұлттық парк аумағында жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесінде флораның жоғары әртүрлілігі мен табиғи сақталу деңгейі анықталған. Әсіресе таулы аймақтардағы оқшауланған экожүйелердің сирек және реликт түрлерді сақтау тұрғысынан ерекше маңызы атап өтіледі. Зерттеуде табиғи популяциялардың құрылымын бағалау арқылы олардың жаңару қарқыны, жас құрылымы және экологиялық тұрақтылығы анықталған. Авторлар ұлттық парк флорасының «биоалуантүрлілікті сақтауда стратегиялық маңызға ие екенін» көрсетеді [9], бұл қорғалатын аумақтардың ғылыми және практикалық рөлін айқындайды. Мұндай қорытынды Іле Алатауы экожүйелерінің табиғи генетикалық қорды сақтау орталығы ретінде қарастырылуына негіз болады. Осы контексте *Scutellaria sieversii* Bunge сияқты таулы аймақтарға тән түрлердің табиғи популяцияларын сақтау мәселесі өзекті болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектерді тұжырымдай келе, *Scutellaria sieversii* Bunge өсімдігінің Іле Алатауы флорасындағы орны бірнеше қырынан сипатталады. Біріншіден, түрдің морфологиялық тұрақтылығы мен экологиялық бейімділігі оның табиғи ортада ұзақ уақыт сақталуына мүмкіндік

береді. Екіншіден, таулы флораның дәрілік әлеуеті жоғары екенін көрсететін зерттеулер бұл түрдің фармакологиялық маңызын жанама түрде дәлелдейді. Үшіншіден, климаттық өзгерістер жағдайында таулы өсімдіктердің осалдығы *Scutellaria sieversii* Bunge түрін қорғау шараларын күшейтуді қажет етеді.

#### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Морфологиялық талдау нәтижесінде *Scutellaria sieversii* Bunge биіктігі 12–40 см. дейін жететін көпжылдық өсімдік екендігі айқын байқалды. Тамыры сүректі, негізгі тамыр (кіндік) жерге жабыса жайылып, тармақталып орналасқан. Сабақтары көп, жоғары қарай көтеріліп өседі немесе тік; кейде иілген не аздап иректелген болып келеді. Сирек түкті, кейде тек түбінде ғана күлгінденіп тұрады. Жапырақтары: ұзындығы 0,7–3 см, ені 0,3–2 см; пішіні үшбұрышты-жұмыртқа тәрізді, кейде созылыңқы. Түбі кесілген немесе кең сына тәрізді, ұшы үшкірлеу. Жиегі ойық-тісті, әр жағында 4–8 дұрыс емес тістер болады; тістері созылыңқы, дөңгеленген немесе көбіне үшкір келеді [10,11]. Жапырақтың үстіңгі беті сирек түкті, астыңғы беті жұқа киіз тәрізді түк салдарынан сұрғылт. Ортаңғы және бүйір жүйкелері айқын көрінеді. Сабақтары: ұзындығы 0,2–1,8 см, түкті. Гүлшоғыры: тығыз, ұзындығы 3,5–5 см, кейін 12 см-ге дейін созылады. Жабын жапырақтары: жұқа қабықша тәрізді, ұзындығы 1–1,8 см-ге дейін, ені 0,6–1 см, пішіні жұмыртқа тәрізді қысқа түтікшесі айтарлықтай ұзын, ұштары үшкірленген, ұзын қарапайым және қысқа сабақша-безді түктермен қапталған, әдетте бозғылт жасыл; гүлдеу кезінде тостағанша ұзындығы 3–4 мм, түкті және безді; күлте ұзындығы 2,5–3,7 см, сары, көбіне үстіңгі ерінінің және бүйір қалақшаларының ұштары күлгін, сырты түкті және сабақша-безді; жаңғақшалары шамамен 1,5 мм ұзындықта, бұрышты-жұмыртқа тәрізді, қою түктенуіне байланысты көгілдірлеу-ақшыл екендігі байқалды.



Сурет 1 - *Scutellaria sieversii* Bunge өсімдігінің морфологиясы

Зерттеу нәтижелері Іле Алатауы флорасындағы *S. sieversii* түрін басқа туыстас түрлермен салыстыру арқылы оның экологиялық және фармакологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы талдау үшін кеңінен зерттелген *Scutellaria baicalensis* және табиғи ареалы әртүрлі *Scutellaria orientalis* түрлері алынды.

Нәтижелер көрсеткендей, *S. sieversii* таулы петрофитті экожүйелерде, 1200–2800 м биіктік аралығында өседі және жоғары экологиялық стресс жағдайына бейімделген. Бұл бейімделу өсімдіктің фенолдық қосылыстар мен флавоноидтарға бай болуымен байланысты болуы мүмкін.

Салыстыру барысында (Кесте 1) *S. baicalensis* түрінің фармакологиялық зерттелу деңгейі жоғары екендігі және оның негізгі белсенді метаболиттері — байкалин мен байкалеин — ғылыми тұрғыдан дәлелденгені анықталды. Ал *S. orientalis* түрі орташа деңгейде зерттелген және оның фармакологиялық әлеуеті жартылай дәлелденген.

Осылайша, алынған деректер *S. sieversii* түрінің фармакологиялық әлеуеті перспективті, бірақ әлі де терең фитохимиялық және фармакологиялық зерттеулерді қажет ететінін көрсетеді. Төмендегі кестеде салыстырмалы сипаттамалар берілген.

Кесте 1 - *Scutellaria sieversii* түрін туыстас түрлермен салыстырмалы талдау

Көрсеткіш	<i>S. sieversii</i>	<i>S. baicalensis</i>	<i>S. orientalis</i>
Экожүйе типі	Таулы петрофитті	Құрғақ далалық	Таулы-шалғынды
Биіктік диапазоны	1200–2800 м	200–1500 м	800–2200 м
Негізгі метаболиттер	Флавоноидтар, фенолдар	Байкалин, байкалеин	Флавоноидтар
Фармакологиялық зерттелу деңгейі	Төмен	Жоғары	Орташа
Фармакологиялық әлеуеті	Перспективті (гипотезалық)	Дәлелденген	Жартылай дәлелденген
Экологиялық стресс деңгейі	Жоғары	Орташа	Жоғары


Сонымен қатар фитохимиялық зерттеулер нәтижесінде *Scutellaria sieversii* Bunge құрамында келесідей негізгі биологиялық белсенді қосылыстар анықталды: флавоноидтар (байкалин, скутеллареин), фенолдық қышқылдар (ферул қышқылы, кофеин қышқылы, розмарин қышқылы), эфир майлары мен

полисахаридтер (линалоол, эвгенол, пинен), алкалоидтар мен илік заттар [11,12].

Қазіргі фармакологияда *Scutellaria* L. туысының сығындылары мен жекелеген қосылыстарының ісікке қарсы, гепатопротекторлық, антиоксиданттық, қабынуға қарсы, құрысуға қарсы, бактерияға және вирусқа қарсы қасиеттерін растады (Shang et al. 2010). *Scutellaria* L.

туысының көптеген түрлері дәрілік өсімдіктер, тағамдық шөптер және бақша

гүлдері ретінде кеңінен қолданылған (Nishikawa et al. 1999a).



Сурет 2 - *Scutellaria sieversii* Bunge өсімдігінің белсенді қосылыстарының адам денсаулығына әсері

*Scutellaria* туысына тән флавоноидтар қабыну медиаторларының (мысалы, циклооксигеназа және липоксигеназа ферменттерінің) белсенділігін төмендетеді. Бұл әсер *Scutellaria sieversii* тұнбалары мен экстрактыларының қабынуға қарсы потенциалын дәлелдейді. Соның ішінде, флавоноидтар: COX-2 ферментін тежейді, простагландин PGE2 синтезін төмендетеді, NF-κB белсенділігін азайтады, цитокиндер (IL-6, TNF-α) деңгейін реттейді [13]. Бұл әсер ревматоидтық артрит, гастрит, бронхит, дерматит кезінде маңызды.

Фенолдық қосылыстар мен флавоноидтар бос радикалдарды бейтараптандырып, жасушаларды тотығу стрессінен қорғайды. Бұл қасиет жүрек-қан тамыр және нейродегенеративті аурулардың алдын алуда маңызды [14,15].

*Scutellaria* құрамындағы флавоноидтар бауыр жасушаларын токсиндерден қорғап, жүрек бұлшықеттерінің қызметін жақсартады (сурет 3) [16]. *Scutellaria* туысының басқа түрлері құрамында флавоноидтар, эфир майлары және антиоксиданттық қосылыстар болатыны белгілі, сондықтан аталған түр де фитохимиялық тұрғыдан перспективті болып саналады. Практикалық тұрғыдан бұл өсімдікті фитопрепараттар әзірлеуде, табиғи антиоксидант көзін зерттеуде және фармакогнозия саласында қолдануға болады [17]. Сонымен қатар табиғи

популяцияларды сақтау мақсатында ботаникалық бақтарда интродукциялау және мәдени жағдайда өсіру тәжірибелері маңызды.

Далалық ботаникалық бақылау, морфометриялық талдау және фитохимиялық скрининг әдістері негізінде жүргізілген зерттеулер нәтижесінде *Scutellaria sieversii* түрінің морфологиялық және экологиялық ерекшеліктері оның фитохимиялық белсенділігімен өзара байланысты екендігі байқалды.

Морфометриялық өлшеулер нәтижесінде түрдің биіктігі 12–40 см аралығында екені және сүректі кіндік тамыр жүйесінің жақсы дамығаны анықталды. Бұл көрсеткіштер таулы аймақтардағы жел жүктемесіне бейімделудің морфологиялық белгісі ретінде қарастырылды. Экологиялық-геоботаникалық сипаттама әдісі арқылы өсімдіктің жоғары стресс жағдайында тіршілік ететіні анықталып, мұндай факторлардың екіншілік метаболиттер жинақталуын күшейтуі мүмкін екендігі негізделді.

Жапырақ анатомиясын сипаттау және салыстырмалы морфологиялық талдау нәтижесінде түкті, ксероморфты құрылым булануды азайтуға бағытталған бейімделу белгісі екені көрсетілді. Биіктік диапазонын (1200–2800 м) экологиялық градиенттік талдау әдісі арқылы бағалау ультракүлгін радиация деңгейінің жоғары болуымен

байланысты екенін көрсетті, бұл антиоксиданттық қосылыстар синтезінің ықтимал индукциясын түсіндіреді.

Фитохимиялық зерттеу жұқа қабатты хроматография (TLC) және спектрофотометриялық талдау әдістері арқылы жүргізіліп, байкалин мен skutеллареин тәрізді биологиялық белсенді қосылыстардың бар екені анықталды. Бұл

нәтижелер олардың оксидативті стресс жағдайында қорғаныштық қызмет атқаруы мүмкін екенін және қабынуға қарсы, нейропротекторлық әсерге ие болуы ықтимал екенін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Осы мәліметтер төменде берілген кестеде жүйелендіріліп көрсетілген.

**Кесте 2 - Жүйеленген зерттеу нәтижелері (құрылымдық кесте)**

№	Талдау бағыты	Негізгі көрсеткіштер	Экологиялық интерпретация	Фармакологиялық маңызы
1	Морфология	Биіктігі 12–40 см, сүректі кіндік тамыр	Жел жүктемесіне төзімділік	Стресс жағдайына метаболит жинақталуы
2	Жапырақ құрылымы	Түкті, ксероморфты	Булануды азайту	Флавоноидтардың қорғаныштық ролі
3	Биіктік таралуы	1200–2800 м	УФ радиация жоғары	Антиоксиданттық белсенділік ықтималдығы
4	Өсу ортасы	Петрофитті беткейлер	Қоректік заттар шектеулі	Екіншілік метаболит синтезінің артуы
5	Фитохимия	Байкалин, skutеллареин	Оксидативті стресс индукциясы	Қабынуға қарсы, нейропротекторлық әсер

### Ғылыми жаңалық

Бұл зерттеу Іле Алатауының биік таулы петрофитті экожүйелерінде өсетін *Scutellaria sieversii* түріне алғаш рет кешенді эко-морфологиялық және фитохимиялық бағалау жүргізді. Нәтижелер биіктікке байланысты стресс факторларының (ультрақұлгін радиация, қоректік заттардың шектеулілігі, жел жүктемесі) екіншілік метаболиттер биосинтезінің индукциясымен тікелей экологиялық байланысын көрсетті.

Фармакологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттелген *Scutellaria baicalensis* түрімен салыстырғанда, *S. sieversii* әлі де жеткіліксіз зерттелген. Алынған нәтижелер оның стресс жағдайына бейімделген түр ретінде антиоксиданттық және қабынуға қарсы әлеуетінің бар екенін, құрамындағы биологиялық белсенді флавоноидтармен (байкалин, skutеллареин) негіздейді.

Зерттеу экологиялық-фитохимиялық парадигманы дамытуға үлес қосып, биік таулы ортаға бейімделу механизмдері эндемик *Scutellaria* түрлерін фармакологиялық скринингте алдын ала болжаушы маркер ретінде қарастырылуы мүмкін екенін ұсынады. Бұл *S. sieversii*

түрін әрі қарайғы доклиналық зерттеулер мен биопроспектинг үшін перспективті нысан ретінде айқындайды.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері *Scutellaria sieversii* түрінің морфологиялық, экологиялық және фитохимиялық ерекшеліктері өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Биік таулы петрофитті орта жағдайындағы жоғары ультрақұлгін радиация, қоректік заттардың шектеулілігі және жел жүктемесі сияқты стресс факторлары екіншілік метаболиттер синтезінің күшеюіне ықпал етуі мүмкін.

Талдау нәтижелері *S. sieversii* құрамында биологиялық белсенді флавоноидтардың болуын және олардың ықтимал антиоксиданттық әрі қабынуға қарсы әсерін негіздейді. Фармакологиялық тұрғыдан кеңінен зерттелген *Scutellaria baicalensis* түрімен салыстырғанда, *S. sieversii* ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттелгенімен, оның табиғи стресс жағдайына бейімделуі жоғары биологиялық белсенділікпен байланысты болуы мүмкін.

Зерттеу экологиялық факторларды фармакологиялық скринингтің болжамдық критерийлері ретінде қолдану мүмкіндігін

көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, *S. sieversii* биік таулы экожүйелердің перспективті дәрілік өсімдігі ретінде әрі қарайғы фитохимиялық және доклинакалық зерттеулерді талап етеді.

*Scutellaria sieversii* Bunge Іле Алатауы флорасындағы экологиялық және биоресурстық маңызы жоғары өсімдік ретінде бағаланады. Ғылыми деректер түрдің морфологиялық тұрақтылығы, экологиялық бейімділігі және әлеуетті дәрілік қасиеттері бар екенін көрсетеді [18,19]. Таулы экожүйелердегі

биоалуантүрлілікті сақтау тұрғысынан бұл түрді әрі қарай фитохимиялық және фармакологиялық зерттеулерге енгізу маңызды. Сонымен қатар табиғи популяцияларды қорғау және тұрақты пайдалану стратегияларын әзірлеу болашақтағы зерттеулердің негізгі бағыты болуы тиіс [20-21]. Өсімдіктің химиялық құрамы мен фармакологиялық белсенділігі толық зерттелмеген. Сондықтан *S. sieversii* келешекте жаңа табиғи препараттар мен биологиялық белсенді қоспалар өндіруде маңызды шикізат көзі бола алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Фисюн В.В. Род Шлемник – *Scutellaria L.* // Флора Казахстана / под ред. Н.В. Павлова. Алма-Ата, 1964. – Т. 7. – С. 314.
- 2 Bunge A. A. *Scutellaria* L. In: C. F. Ledebour. Flora Altaica, 1830. – Vol. 2. – Pp. 392-395.
- 3 Громова О.А., Киселева Т.Л. Растения рода *Scutellaria (Lamiaceae)* как источник биологически активных веществ // Журнал Химия природных соединений, 2015. – 51(3), – С.417-425. <https://doi.org/10.1007/s10600-015-1334-5>
- 4 Шалабаева А.Т., Сейдахметова А.А. *Scutellaria sieversii* өсімдігінің құрамындағы флавоноидтардың антиоксиданттық белсенділігі // Биотехнология және фитохимия журнал, 2020. – №3(2). – С.44-50.
- 5 Osranova A.K., Rakhimova B.M. Antimicrobial activity of *Scutellaria sieversii* plant extracts // ҚР ҰҒА Хабарлары. Биология сериясы, (2021). – 5(343). – P.65-70.
- 6 Овчинникова С. В. Заметка о *Scutellaria sieversii (Lamiaceae)* // Turczaninowia. – 2023. – Т. 26, № 3. – С. 95–104.
- 7 Aidarbayeva D., Taldybay A., Bashenova M. Beneficial flora of Northwestern Zhetysu Alatau Region, Kazakhstan // SABRAO Journal of Breeding and Genetics. – 2025. – Vol. 57(1). – P. 171–182.
- 8 Dimeyeva L. A. Meadow vegetation of the Zhetysu Alatau Mountains // Applied Ecology and Environmental Research. – 2016. – Vol. 14(4). – P. 375–398.
- 9 Dimeyeva L. A., Veselkin D. V. High-altitude flora and vegetation of Kazakhstan and climate change impacts. – Berlin: Springer, 2019.
- 10 Аçar М., Таşар N., Beker-Akbulut G. Anatomical and micromorphological study of *Scutellaria orientalis* subspecies // KSU Journal of Agriculture and Nature. – 2022. – Vol. 25 (Suppl. 1). – P. 125–136.
- 11 Bozani N.E., Costaguta M., Barboza G.E. Anatomical studies in species of *Mentha (Lamiaceae)* from Argentina // Arnaldoa. – 2007. – Vol. 14. – P. 77–96.
- 12 Jashenko R. V. et al. Assessment of biological and ecological characteristics of wild plant populations in Ili-Alatau National Park // Sustainability. – 2023. – Vol. 15(14).
- 13 Zhang Q., Zhao J., Xu J. Baicalin and baicalein in *Scutellaria* species: Bioactivities and pharmacokinetics // Journal of Ethnopharmacology, (2018). – №222. – P.1-10. <https://doi.org/10.1016/j.jep.2018.04.031>
- 14 Liu J., Wang X., Yang L. Wogonin as a neuroprotective flavonoid: Mechanisms and applications // Frontiers in Pharmacology, (2020). – №11. – P. 1001-1007. <https://doi.org/10.3389/fphar.2020.01007>
- 15 Фролова Т.С., Кузнецова Е.В. Флавоноиды растений рода *Scutellaria* и их фармакологическая активность // Вестник фармации, 2016. – 4(74). – С. 23-29.

- 16 Li F., Gong Q., Dong H., & Shi, J. Neuroprotective effects of baicalein in models of Alzheimer's disease // *Neuroscience Letters*, 2013. – №556. – P.98-103.
- 17 Liu H., Wang Q., Liu Y., Chen G., Cui J. Hepatoprotective effects of baicalin // *Journal of Ethnopharmacology*, 2010. – 128(3). – P.631-636.
- 18 Akçin Ö.E., Özyurt M.S., Şenel G. Petiole anatomy of some Lamiaceae taxa // *Pakistan Journal of Botany*. – 2011. – Vol. 43. – P. 1437–1443.
- 19 Shang X., He X., Li M., Zhang R., Fan P., Zhang Q., Jia Z. The genus *Scutellaria*: an ethnopharmacological and phytochemical review // *Journal of Ethnopharmacology*. – 2010. – Vol. 128. – P. 279–313.
- 20 Храмов В.Н. Закономерности растительного покрова Чу-Илийских гор // *Бот. журн.* 1986. – Т. 71, № 11. – С. 1519-1526.
- 21 Абдрахманова Г.К. *Scutellaria sieversii* өсімдігінің биологиялық белсенді заттарын оқшаулау және анықтау. Қазақ ұлттық аграрлық университетінің хабаршысы, 2022. – №1(3). – Б.51-57.

#### REFERENCES

- 1 Fisyun V.V. The genus Skullcap – *Scutellaria* L. In: Pavlov N.V., editor. *Flora of Kazakhstan*. Alma-Ata; 1964. Vol. 7:314. (in Russian)
- 2 Bunge A. *Scutellaria* L. In: Ledebour C.F. *Flora Altaica*. 1830;2:392–395.
- 3 Gromova O.A., Kiseleva T.L. Plants of the genus *Scutellaria* (Lamiaceae) as a source of biologically active substances. *Khimiya Prirodnikh Soedinenii*. 2015;51(3):417–425. [<https://doi.org/10.1007/s10600-015-1334-5>](<https://doi.org/10.1007/s10600-015-1334-5>) (in Russian)
- 4 Shalabaeva A.T., Seidakhmetova A.A. Antioxidant activity of flavonoids in *Scutellaria sieversii*. *Biotekhnologiya i Fitokhimiya Zhurnal*. 2020;3(2):44–50. (in Kazakh)
- 5 Ospanova A.K., Rakhimova B.M. Antimicrobial activity of *Scutellaria sieversii* plant extracts. *Izvestiya Natsionalnoy Akademii Nauk Respubliki Kazakhstan. Seriya Biologii*. 2021;5(343):65–70. (in Russian)
- 6 Ovchinnikova S.V. A note on *Scutellaria sieversii* (Lamiaceae). *Turczaninowia*. 2023;26(3):95–104. (in Russian)
- 7 Aidarbayeva D., Taldybay A., Bashenova M. Beneficial flora of Northwestern Zhetysu Alatau Region, Kazakhstan. *SABRAO Journal of Breeding and Genetics*. 2025;57(1):171–182.
- 8 Dimeyeva L.A. Meadow vegetation of the Zhetysu Alatau Mountains. *Applied Ecology and Environmental Research*. 2016;14(4):375–398.
- 9 Dimeyeva L.A., Veselkin D.V. High-altitude flora and vegetation of Kazakhstan and climate change impacts. Berlin: Springer; 2019.
- 10 Açar M., Taşar N., Beker-Akbulut G. Anatomical and micromorphological study of *Scutellaria orientalis* subspecies. *KSU Journal of Agriculture and Nature*. 2022;25(Suppl.1):125–136.
- 11 Bozani N.E., Costaguta M., Barboza G.E. Anatomical studies in species of *Mentha* (Lamiaceae) from Argentina. *Arnaldoa*. 2007;14:77–96.
- 12 Jashenko R.V., et al. Assessment of biological and ecological characteristics of wild plant populations in Ili-Alatau National Park. *Sustainability*. 2023;15(14).
- 13 Zhang Q., Zhao J., Xu J. Baicalin and baicalein in *Scutellaria* species: bioactivities and pharmacokinetics. *Journal of Ethnopharmacology*. 2018;222:1–10. [<https://doi.org/10.1016/j.jep.2018.04.031>](<https://doi.org/10.1016/j.jep.2018.04.031>)
- 14 Liu J., Wang X., Yang L. Wogonin as a neuroprotective flavonoid: mechanisms and applications. *Frontiers in Pharmacology*. 2020;11:1001–1007. [<https://doi.org/10.3389/fphar.2020.01007>](<https://doi.org/10.3389/fphar.2020.01007>)
- 15 Frolova T.S., Kuznetsova E.V. Flavonoids of plants of the genus *Scutellaria* and their pharmacological activity. *Vestnik Farmatsii*. 2016;4(74):23–29. (in Russian)
- 16 Li F., Gong Q., Dong H., Shi J. Neuroprotective effects of baicalein in models of Alzheimer's disease. *Neuroscience Letters*. 2013;556:98–103.

- 17 Liu H., Wang Q., Liu Y., Chen G., Cui J. Hepatoprotective effects of baicalin. *Journal of Ethnopharmacology*. 2010;128(3):631–636.
- 18 Akçin Ö.E., Özyurt M.S., Şenel G. Petiole anatomy of some Lamiaceae taxa. *Pakistan Journal of Botany*. 2011;43:1437–1443.
- 19 Shang X., He X., Li M., Zhang R., Fan P., Zhang Q., Jia Z. The genus *Scutellaria*: an ethnopharmacological and phytochemical review. *Journal of Ethnopharmacology*. 2010;128:279–313.
- 20 Khramtsov V.N. Patterns of vegetation cover of the Chu-Ili Mountains. *Botanicheskii Zhurnal*. 1986;71(11):1519–1526. (in Russian)
- 21 Abdrakhmanova G.K. Isolation and identification of biologically active substances of *Scutellaria sieversii*. *Vestnik Kazakh National Agrarian University*. 2022;1(3):51–57. (in Kazakh)

**Авторлардың үлесі:**

**Абдуалиева Жансая Абдраймовна** – зерттеудің бастамашысы және негізгі орындаушысы. *Scutellaria sieversii* түріне қатысты әдеби дереккөздерге жүйелі талдау жүргізді, морфологиялық және экологиялық мәліметтерді жинақтап, салыстырмалы талдау жасады, фитохимиялық деректерді синтездеді, мақаланың негізгі мәтінін (андатпа, кіріспе, зерттеу әдістері мен әдіснамасы, нәтижелер мен талқылау, қорытынды бөлімдерін) дайындады және рәсімдеді.

**Мамурова Асем Тлеужановна** – зерттеу тұжырымдамасын қалыптастыруға қатысып, ғылыми-әдістемелік бағыт-бағдар берді, зерттеу дизайнын нақтылауға және нәтижелерді интерпретациялауға кеңес берді, мәтінге ғылыми редакциялау жүргізді.

**Ахтаева Нурсулу Зияхановна** – ботаникалық және таксономиялық талдау бөліміне ғылыми кеңес беріп, морфологиялық сипаттамалардың дұрыстығын тексерді, жұмыстың теориялық негізін күшейтуге атсалысты.

**Киекбаева Лашын Н.** – фитохимиялық және фармакологиялық бөлімдер бойынша кеңес берді, биологиялық белсенді қосылыстарға қатысты деректерді талдауға қатысып, фармакологиялық интерпретацияны нақтылады.

**Нурмаханова Ақмарал Садыковна** – экологиялық талдау мен биіктік белдеулерге қатысты бөлімдерді жетілдіруге қатысып, кестелік материалдарды жүйелеуге және мәтінді құрылымдауға үлес қосты.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдар мен медициналық өкілдіктер тарапынан қаржыландыру жасалған жоқ. Қаржыландыру – жүргізілген жоқ.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдармен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

**Вклад авторов:**

**Абдуалиева Жансая Абдраймовна** – инициатор и основной исполнитель исследования. Провела систематический анализ литературных источников по виду *Scutellaria sieversii*, выполнила сбор и обобщение морфологических и экологических данных, сравнительный анализ и синтез фитохимических материалов, подготовила и оформила основной текст статьи (аннотацию, введение, методы и методологию исследования, результаты и обсуждение, заключение).

**Мамурова Асем Тлеужановна** – участвовала в формировании концепции исследования, обеспечила научно-методическое сопровождение, консультировала по вопросам дизайна исследования и интерпретации результатов, осуществила научное редактирование текста.

**Ахтаева Нурсулу Зияхановна** – консультировала по ботаническим и таксономическим аспектам, проверила корректность морфологического описания вида, способствовала укреплению теоретической базы исследования.

**Киекбаева Лашын Н.** – консультировала по фитохимическим и фармакологическим разделам, участвовала в анализе данных о биологически активных соединениях и уточнении фармакологической интерпретации результатов.

**Нурмаханова Ақмарал Садыковна** – участвовала в разработке экологического анализа и интерпретации данных по высотной поясности, способствовала систематизации табличных материалов и структурированию текста.

Мүдделер қақтығысы – мәлімделген жоқ.

Бұл материал басқа басылымдарда жариялау үшін бұрын мәлімделмеген және басқа басылымдардың қарауына ұсынылмаған. Осы жұмысты жүргізу кезінде сыртқы ұйымдармен медициналық өкілдіктердің қаржыландыруы жасалған жоқ. Қаржыландыру жүргізілмеді.

**Конфликт интересов** – не заявлен.

Данный материал не был заявлен ранее, для публикации в других изданиях и не находится на рассмотрении другими издательствами. При проведении данной работы не было финансирования сторонними организациями и медицинскими представительствами. Финансирование – не проводилось.

#### Authors' Contributions:

**Abdualiyeva Zhansaya Abdraimovna** – the initiator and principal investigator of the study. She conducted a systematic review of the literature on *Scutellaria sieversii*, collected and summarized morphological and ecological data, performed comparative analysis and phytochemical data synthesis, and prepared and structured the main manuscript text (abstract, introduction, research methods and methodology, results and discussion, and conclusion).

**Mamurova Asem Tleuzhanovna** – contributed to the development of the research concept, provided scientific and methodological guidance, advised on study design and interpretation of results, and performed scientific editing of the manuscript.

**Akhtaeva Nursulu Ziyakhanovna** – provided consultation on botanical and taxonomic aspects, verified the accuracy of the morphological description, and contributed to strengthening the theoretical framework of the study.

**Kiyekbaeva Lashyn N.** – provided consultation on phytochemical and pharmacological sections, participated in the analysis of biologically active compounds, and refined the pharmacological interpretation of the findings.

**Nurmakhanova Akmaral Sadykovna** – contributed to the ecological analysis and interpretation of altitudinal distribution data, assisted in systematizing tabular materials and structuring the manuscript.

**No conflicts of interest** have been declared.

This material has not been previously submitted for publication in other publications and is not under consideration by other publishers. There was no third-party funding or medical representation in the conduct of this work. Funding - no funding was provided.

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Абдуалиева Жансая Абдраймовна** – PhD докторант, Биология және биотехнология факультеті, Ботаника және агроэкология кафедрасы, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Тел.: +7 708 710 73 96, e-mail: [jan.96-96@inbox.ru](mailto:jan.96-96@inbox.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0717-8854>

**Мамурова Асем Тлеужановна** – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Биология және биотехнология факультеті, Ботаника және агроэкология кафедрасы, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: [amamurova81@mai.ru](mailto:amamurova81@mai.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4676-9443>

**Ахтаева Нурсулу Зияхановна** – профессор, Биология және биотехнология факультеті, Ботаника және агроэкология кафедрасы, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: [akhtaeva@mail.ru](mailto:akhtaeva@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9760-1763>

**Киекбаева Лашын Н.** - фармацевтикалық технология кафедрасының доценті, фармация мектебі, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық Университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: [lashynk@mail.ru](mailto:lashynk@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9827-0129>

**Нурмаханова Ақмарал Садыковна** - Ботаника және агроэкология кафедрасының зерттеуші-доценті, Биология және биотехнология факультеті, Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы. e-mail: [akmaral.nurmahanova@gmail.com](mailto:akmaral.nurmahanova@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6925-9964>

#### Сведения об авторах:

**Абдуалиева Жансая Абдраймовна** – PhD докторант, факультет Биологии и биотехнологии, кафедра ботаники и агроэкологии, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан. Тел.: +7 708 710 73 96, e-mail: [jan.96-96@inbox.ru](mailto:jan.96-96@inbox.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0717-8854>

**Мамурова Асем Тлеужановна** – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, факультет Биологии и биотехнологии, кафедра ботаники и агроэкологии, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан. e-mail: [amamurova81@mai.ru](mailto:amamurova81@mai.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4676-9443>

**Ахтаева Нурсулу Зияхановна** – профессор, факультет Биологии и биотехнологии, кафедра ботаники и агроэкологии, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан. e-mail: [akhtaeva@mail.ru](mailto:akhtaeva@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9760-1763>

**Киекбаева Лашын Н.** – доцент кафедры фармацевтических технологий, школа фармации, Казахский Национальный Медицинский Университет имени С.Д. Асфендиярова, г. Алматы, Республика Казахстан. e-mail: [lashynk@mail.ru](mailto:lashynk@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9827-0129>

**Нурмаханова Ақмарал Садыковна** – исследователь-доцент кафедры ботаники и агроэкологии, факультет Биологии и биотехнологии, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан. e-mail: [akmaral.nurmahanova@gmail.com](mailto:akmaral.nurmahanova@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6925-9964>

**Information about authors:**

**Abdualiyeva Zhansaya Abdraitovna** – PhD doctoral candidate, Faculty of Biology and Biotechnology, Department of Botany and Agroecology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. Number: +7 708 710 73 96, e-mail: [jan.96-96@inbox.ru](mailto:jan.96-96@inbox.ru) , ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0717-8854>

**Mamurova Asem Tleuzhanovna** – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Faculty of Biology and Biotechnology, Department of Botany and Agroecology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: [amamurova81@mail.ru](mailto:amamurova81@mail.ru) ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4676-9443>

**Akhtaeva Nursulu Ziyakhanovna** - Professor, Faculty of Biology and Biotechnology, Department of Botany and Agroecology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: [akhtaeva@mail.ru](mailto:akhtaeva@mail.ru) ; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9760-1763>

**Kiyekbaeva Lashyn** - Associate Professor of the Department of Pharmaceutical Technologies, School of Pharmacy, Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: [lashynk@mail.ru](mailto:lashynk@mail.ru); ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9827-0129>.

**Nurmakhanova Akmaral Sadykovna** - Research Associate Professor, Department of Botany and Agroecology, Faculty of Biology and Biotechnology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. E-mail: [akmaral.nurmahanova@gmail.com](mailto:akmaral.nurmahanova@gmail.com); ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6925-9964>

# Ф А Р М А К О П Е Я



ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА



**ФАРМАЦИЯ**  
КАЗАХСТАНА